

Экономикалық-экологиялық ғылымдар



Экономико-экологические науки



Economics and Environmental Sciences

FTAMP 06.51.77

У.К. Раймбекова (orcid-0000-0001-7240-3237)

Менеджмент магистрі

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail: Ukan_r@mail.ru*

<https://doi.org/10.55956/NXTD9002>

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕАЭО ЕЛДЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа. Қазіргі халықаралық саяси қарама-қайшылықтар жағдайында кез келген мемлекет үшін көрші елдермен сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайту басты міндет болып табылады. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Ресей, Қазақстан, Беларусь, Армения және Қырғызстан мемлекеттерін біріктіретін Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) жұмыс істей бастады. Бұл өңірлік интеграциялық ұйымның мақсаты тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігі, сондай-ақ экономика салаларында үйлестірілген, келісілген және бірыңғай саясатты жүргізуді қамтамасыз ету.

ЕАЭО елдерінің өзара инвестициялық ынтымақтастық негіздерін қарастыруға арналған көптеген зерттеулерге қарамастан, қазіргіәлемдік экономиканың ерекшеліктері негізгі геосаяси және макроэкономикалық әріптестік шеңберінде өзара инвестициялық ынтымақтастық құрылымын зерттеуді талап етіп отыр.

Мақалада ЕАЭО-қа мүше елдердің инвестициялық қызметінің негізгі үрдістеріне талдау жүргізілді, өзара тікелей инвестициялар құрылымының ерекшеліктері, экономикалық қызмет түрлері бойынша одақ елдерінің негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі талданып, инвестициялардың қарқындылық индексі бағаланды. Зерттеу барысында тиімді инвестициялық ынтымақтастыққа жету жолында одақ мемлекеттердің алдында тұрған проблемалар және өзара ынтымақтастық экономикалық және қаржылық интеграциясының перспективалары анықталыны.

Тірек сөздер: Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), инвестициялық саясат, негізгі капиталға салынған инвестициялар, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ), өзара тікелей инвестициялар құрылымы.

Кіріспе. ЕАЭО құру туралы шартқа 2015 жылғы 1 қаңтарда қол қойылды. Шартқа сәйкес ЕАЭО құрамына бес ел – Ресей, Беларусь, Қазақстан, Армения және Қырғызстан кіреді. Бұл одақ аумақ бойынша 20 млн. шаршы шақырымнан асатын ірі интеграциялық бірлестіктердің бірі саналады және жер құрлығыныңшамамен 15% аумағын құрайды [1].

Шарт шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігі қамтамасыз етілетін экономикалық одақ құруды және осы құжатта одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген бірыңғай саясатты жүргізу бекітілген.

Еуразиялық экономикалық одақтың құрылу және қалыптасу тарихы жаһандық экономикалық дағдарыстарды, сондай-ақ сыртқы және ішкі сын-қатерлерді жеңе алумен тығыз байланысты. Одақ барлық сын - қатерлердің көпшілігін сәтті еңсере алды, бұл Одақтың интеграциялық бірлестік ретіндегі қалыптасқандығын айқындап берді. Еуразиялық интеграция Одаққа мүше мемлекеттер үшін қажетті тірек болып табылатынын мойындау керек.

Біріншіден, ЕАЭО-бұл бірыңғай қағидалар бойынша жұмыс істейтін 184 млн адамды құрайтын орасан зор ішкі нарық [2]. ЕАЭО -қа мүше бірқатар мемлекеттерге бұрын-соңды болмаған санкциялық қысымға қарамастан, ұлттық үкіметтердің, Еуразиялық экономикалық комиссияның және бизнестің бірлескен күш-жігерімен экономиканың нақты секторында оң серпінді қамтамасыз етуге қол жеткізілді [3].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Инвестициялық ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі ЕАЭО-ның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында айқындалған. Нарық ауқымы мен интеграциялық жобалардың тартымдылығы есебінен (2030 жылға қарай жинақталған эффект) үшінші елдерден инвестициялар тарту әлеуеті 90 млрд АҚШ долларын құрауы мүмкін [4].

ЕАЭО-ның әлемдік экономикадағы рөлін анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі жалпы ішкі өнім және оның әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі болып табылады. ЕАЭО елдерінің жиынтық номиналды ЖІӨ 2021 жылы 2066,7 млрд. доллар құрады, бұл әлемдік ЖІӨ-нің 3,6%. ЖІӨ-нің негізгі үлесі-86,0% Ресейге, ал төменгі үлесі-0,42% Қырғызстанға тиесілі (кесте 1).

Кесте 1.

ЕАЭО-ға мүше елдердің ЖІӨ (млрд. долл.)

	2017	2018	2019	2020	2021
ЕАЭО	1 815 278	1 920 744	1 961 977	1 745 128	2 066 771
Армения	11 527	12 458	13 619	12 642	13 862
Беларусь	54 697	59 954	64 506	60 846	68 171
Қазақстан	166 806	179 338	181 666	171 084	197 111
Қырғызстан	7 703	8 271	8 871	7 781	8 741
Ресей	1 574 544	1 660 724	1 693 315	1 492 776	1 778 886

Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің ЖІӨ-нің қарастыра отырып, 2021 жылы өсу тенденциясының қалыптасқанын атап өткен жөн. Кестеден көріп отырғанымыздай, елдер экономикасының дамуы біркелкі емес және бұл жиынтық ЖІӨ-ге де әсеретеді. Сондықтан ЕАЭО-ға мүше басқа елдердің инвестициялық қызметінің жай-күйін зерттеу өзекті болып қала береді. Осы орайда, ҚР Президенті келесі мәселені ерекше атап өтті: «одақтың басқа елдерімен өнеркәсіптік ынтымақтастықтың әлеуеті әлі толық ашылмаған және ірі өзекті инвестициялық жобалардың тапшылығы бар, сондықтан кооперациялық байланыстар мен жобалар өте маңызды» [5].

2021 жылы (Қырғызстан мемлекетін есепке алмағанда) жинақталған өзара инвестициялардың жалпы көлемінің өсуі ЕАЭО - ға мүше барлық елдерде байқалды. Қазақстанда аталған көрсеткіш 15,4% құрады (жоғарғы көрсеткіш), Армения мен Ресейде өсім біршама қалыпты (9,8% және 9,1% тиісінше), ал Беларусьте бұл көрсеткіш 5,5% - ға тең болды.

Егер 2021 жылы өзара инвестициялардың құрылымын қарастыратын болсақ, онда негізгі инвестор ретінде Ресей мемлекетін болып табылады, көрсеткіші 447,4 миллион долларға тең. (кесте 2). Инвестор ретінде әрекет ететін екінші мемлекет -Қазақстан (253,6 млн. доллар). Инвестицияны алушыларға келетін болсақ, мұнда да Ресей көшбасшы бастап отыр (276,2

млн. долл.) және Қазақстан (253,6 млн. долл.). Айта кету керек, бұл көрсеткіштер Ресей мен Қазақстанның өзара инвестициялық ынтымақтастық нәтижесі болып табылады.

Кесте 2.

2021 жылғы өзара тікелей инвестициялар құрылымы, млн.долл.

Инвесторлар	Инвестицияны алушы мемлекеттер					
	Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғызстан	Ресей	Барлығы
Армения	x	0,3	-0,2	-	18,3	18,4
Беларусь			-5,2	-0,9	14,4	8,3
Қазақстан				3,2	250,4	253,6
Қырғызстан						
Ресей	63	66,3	264,1	54		447,4
Барлығы	63	66,6	253,6	56,3	2676,2	715,7

2021 жылы ЕАЭО - ға мүше елдерде 2020 жылмен салыстырғанда тікелей инвестициялардың айтарлықтай - 169% -ке өсуі байқалды (сурет 1.). Бұл көрсеткіш пандемияға дейінгі 2019 жылдың ең жоғары мәнінен 2,6 есеге артқан, шамамен 47 194,1 млн. долл.



Сурет 1. ЕАЭО елдеріне салынған тікелей инвестициялар ағыны, 2017-2021 жж., млн. АҚШ долл.

Сондай-ақ, ЕАЭО-ға мүше елдер арасында әлемдік капитал қозғалысына белсенді қатысу байқалады. 2021 жылы әлемдік ЖІӨ-нің 2,1%, импорттың 2,7% және әлемдік экономикадағы тікелей шетелдік инвестициялардың экспортының 3,8% құрады. Бұл ЕАЭО елдерінен ТШИ-нің келуі де, кетуі де әлемдік экономикадағы салмағынан асып түсетінін білдіреді [6].

Әрине, ЕАЭО шеңберінде өзара инвестициялық байланыстардың теңдестірілген матрицасы туралы айту әлі де болса ертерек. Ресей мен Қазақстан екі негізгі ойыншы ретінде әрекет етеді, ал Беларусь еліне тартылған ТШИ-нің жекелеген экономикалық аймақтарға маңызы зор.

Тікелей шетелдік инвестициялар жоғары технологиялық салаларда, мысалы су-энергетикалық кешенде, әсіресе Орталық Азияда осы салаға

деген инвестицияның жоғары қажеттілігіне қарамастан, инвестициялық ресурстар көлемі төмен болып саналады. Тікелей шетелдік инвестициялар көлемі әлі дежаңартылатын электр энергетикасында да, «Жасыл» экономика жобаларында да шамалы [7].

Шетелдік инвестицияларды тарту бойынша ЕАЭО елдерінің реципиент елдер рейтингінде орындары жоғары емес. Осыған қарамастан, жекелеген елдер, атап айтқанда Қазақстан тек Ресейден ғана емес, Қытайдан да айтарлықтай инвестиция тартады. Инвестициялар экспорты бойынша Ресей көш бастап тұр, ал капиталдың кету деңгейі жоғары, атап айтқанда портфельдік және басқа инвестициялар түріндегі капиталдардың елден шығарылуы. Одақ елдерінде бизнесті оффшорлаудағы үлкен мәселесінің бар екендігінде айтакету керек (кесте 3).

Кесте 3.

Елдер бойынша тікелей инвестициялар ағыны (млн.долл.)

	2019ж.		2020 ж.		2021 ж.	
	елге	елден	елге	елден	елге	елден
Армения	100,3	-	58,6	-	366,4	-
с.і. ЕАЭО	16,7	-0,9	-92,3	-	83,1	
Беларусь	1 273,3	-3,8	1 393,2	82,7	1 230,7	-79,2
с.і. ЕАЭО	459,1	-58,5	475,5	19,9	443,5	-14,0
Қазақстан	3 730,9	-2 173,6	7 219,5	1 369,2	4 584,3	2 663,2
с.і. ЕАЭО	474,4	283,3	274,2	111,1	985,3	360,5
Қырғыстан	341,4	4,7	-580,5	1,9	562,7	2,0
с.і. ЕАЭО	0,3	-2,7	-59,4	0,1	89,0	-0,1
Ресей	31 974,8	21 923,1	9 478,8	5 847,0	40 450,0	65 882,8
с.і. ЕАЭО	179,5	850,7	87,7	542,0	331,3	1 256,7

Дегенменде, ЕАЭО елдері, одақ дамуындағы қарапайым көрсеткіштеріне қарамастан, әлемдік аренада өз орнын бекітіп, біртұтастығын әлемге жариялап отыр. Бүгінгі таңда ЕАЭО-ның дамуында нақты белгілі бір артықшылықтары байқалады [8].

ЕАЭО шеңберіндегі инвестициялық ынтымақтастықтың аса маңызды саласы - өзара тікелей шетелдік инвестициялар екенін жоғарыда айтылып кетті. Өзара ТШИ ағындарының құндық түрдегі көлемі 2017 жылы 1132 млн. доллардан 2021 жылы 1932 млн. долларға дейін өсті (кесте 4).

Кесте 4.

ЕАЭО елдеріне ТШИ ағындарының динамикасы, млн. долл.

	2017	2018	2019	2020	2021
Одаққа мүше емес елдерден келетін ТШИ	33560	9196	36279	17073	45262
Өзара ТШИ	1132	1510	1130	671	1932
Жиынтық ТШИ	34692	10706	37409	17744	47194

Өзара ТШИ үлесі,%	3,3%	14,1%	3,0%	3,8%	4,2%
-------------------	------	-------	------	------	------

Айта кету керек, егер 2020 жылы жалпы инвестициялардың қысқаруы 2017 жылмен салыстырғанда 59,2% -төменға болса, онда 2021 жылы жалпы инвестициялар 2020 жылмен салыстырғанда 3,4 есе өсті, бұл бірлестік елдеріндегі қолайлы инвестициялық жағдайды көрсетеді. Бұл өсімді, ең алдымен, пандемиядан кейін экономиканың қалпына келуімен түсіндіруге болады.

ЕАЭО ішінде жинақталған тікелей инвестициялар капиталының бөлістірілуі тең емес. Егер Беларусь, Қазақстан және Ресей елдері инвесторлар үшін тартымды болса, онда Армения мен Қырғызстан елдерінің инвестициялық тартымдылығы төмен (кесте 5).

Өзара инвестициялардың құндық мәндегі аса ірі реципиенті Қазақстан болып табылады. Қазақстан Арменияға қарағанда 3,2 есе көп капиталды жинақтап отыр. Алайда, Армения үшін бірлестік елдерінен тартылған инвестициялар әлдеқайда маңызды: елге тартылған барлық инвестициялар ішінен ЕАЭО-дан жинақталған капиталдың 32,3% құрайды, бұл Қазақстанмен салыстырғанда 10 есеге жоғары.

Кесте 5.

ЕАЭО елдерінде жинақталған тікелей инвестициялар, 2021 ж. млн. долл.

	Армения	Беларусь	Қазақстан	Ресей
Барлығы	5630,6	15262,4	169102,2	610082,5
ЕАЭО елдерінен	1851,6	4791,7	6165,6	5235,4
ЕАЭО үлес салмағы,%	32,88	31,40	3,65	0,86

Бұл жағдай интеграцияның Армения экономикасына оң әсерін және Еуразиялық интеграцияның басқа ұлттық экономика салаларына да тереңдету үшін қолда бар резервтерді көрсетеді [9].

Зерттеу нәтижелері. Қазіргі уақытта Еуразиялық одақ мемлекеттері арасындағы инвестициялық ынтымақтастық деңгейін дамытуды қиындататын бірқатар кедергі факторларды атап көрсетуге болады:

1) экономика және қаржы саласы бойынша одақ арасындағы даму деңгейінің біршама алшақтықтары.

2) қаржы ресурстар тапшылығының ЕАЭО елдерінен түрлі нысандағы капитал салымдарының кетуіне әсер етуі.

3) қолайсыз инвестициялық ахуал және мемлекеттердің макроэкономикасының тұрақсыздығы және жоғары инфляциялық деңгейі.

4) үшінші елдермен инвестициялық ынтымақтастыққа бағдарлануы. Мысалы, Беларусьта шетелдік инвесторлар үшін басты кедергі мемлекеттің экономикадағы үлкен үлесін және жекешелендірудің күрделі шарттарын бөліп көрсетуге болады.

Еуразиялық даму банкінің деректері бойынша ЕАЭО елдерінде жинақталған инвестициялардың жиынтық көлемі кемінде 1 млн. долл қрайды, сондай-ақ шағын инвестициялары бар 300-ден астам жобалар жүзеге асырылады. ЮНКТАД әдіснамасына сәйкес өзара инвестициялар қарқындылығының индексі (III - Investment Intensity Index) есептеуге болады:

$III = (I_{tt}/I_{rw}) / (I_{rw}/I_{ww})$ мұндағы, I_{tt} -аймақтық өзара инвестициялар;

Irw-аймақтық жиынтық инвестициялар;
Iww-жиынтық әлемдік инвестициялар.

Жоғарыда келтірілген көрсеткіш ЕАЭО-ға мүше елдерден өңірге салынған ТШИ көлемін әлемдік ТШИ-ғы үлесі негізінде салыстырып бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 6.

ЕАЭО өзара жинақталған инвестициялардың қарқындылық индексі есептеу көрсеткіштері, млн.долл.

	2019ж.	2021ж.
ЕАЭО өзара ТШИ (Irr)	1130	1932
ЕАЭО жиынтық ТШИ (Irw)	37409	47194
Әлемдік жиынтық ТШИ (Iww)	1481000	15820000

Жоғарыда 6 кестеде келтірілген мәліметтер негізінде есептеулер жүргіземіз:

$$III_{2019} = 0,0302/0,0252 = 1,19$$

$$III_{2021} = 0,4093/0,0298 = 1,37$$

Есептеуден көріп отырғандай, ТШИ жиынтық құн көлемінің ұлғаюы өзара инвестициялар қарқындылығы индексінің артуына әсер етті, яғни ЕАЭО елдері әлемнің тыс елдеріне қарағанда одаққа қатысушы мемлекеттердің экономикасына тікелей инвестицияларды қарқынды сала бастағанын көре аламыз. Осылайша, одақ елдерінің өзара инвестициялауға деген бейімділігі сақталынып отыр [10].

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2022 жылғы отырыс қорытындысы бойынша Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімге ЕАЭО - ға мүше барлық мемлекеттер қол қойды. Келісімнің негізгі міндеттері-өзара сауда, инвестициялар көлемін ұлғайту, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы экономикалық интеграцияны дамыту, инвестициялық тартымдылықты арттыру және ЕАЭО мүше мемлекеттердің үшінші елдермен сауда-экономикалық байланыстарын кеңейту.

Осылайша, қазіргі уақытта келесі бағыттарға назар аудару керек:

1. Отын-энергетика кешені, металлургия, машина жасау және т. б. сияқты аса маңызды салаларда ЕАЭО-да өзара инвестицияларды және трансұлттық компанияларды құруды ынталандыру.

2. Инфрақұрылым объектілеріне инвестицияларды ынталандыру, бұл ЕАЭО елдерінің экономикалық дамуының катализаторы бола алады.

3. Одақ мемлекеттердегі инфляцияның, валюта бағамдарының және пайыздық мөлшерлемелердің салыстырмалы түрде болжанатын қарқынын қамтамасыз ету отырып, инвестициялық ахуалды жақсарту.

4. Одаққа мүше мемлекеттердің Жібек жолының экономикалық белдеуін ұштастыру жобасына қатысуы, ал бұл өз кезегінде Еуразияның негізгі халықаралық көлік дәліздері: «Батыс Еуропа — Батыс Қытай», «Солтүстік — Оңтүстік», «Шығыс - Батыс» және Солтүстік теңіз жолы бойынша халықаралық логистикалық орталықтар мен хабтардың заманауи жүйелерін құруды көздейді [11].

Қорытынды. Еуразиялық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын іске асыруын қамтамасыз ету, өзара сауда

деңгейін ұлғайтуға және ЖІӨ-нің өсуіне бағытталған қажетті үйлестірілген іс-шаралар одақ арасындағы өзараинвестициялық интеграциялаудың жаңа табысты нәтижеге қол жеткізуге ықпал ететін болады. ЕАЭО-ның жиынтық әлеуеті Вьетнам, Иран, Сингапур, Сербия, Қытай сияқты көптеген басқа елдермен еркін сауда саласындағы кең ауқымды мәселелерді шеше отырып, инвестициялық ынтымақтастық саласында диалог жүргізуге мүмкіндік береді. Египет, Израиль және бастапқы кезеңде Үндістан елдерімен сауданы либерализациялау туралы келіссөздер жүргізілуде [12].

Сонымен, сыртқы экономикалық қызмет аясында одаққа қатысушы барлық мемлекеттер өз елінің базасында тікелей шетелдік инвестицияларды белсенді түрде тартатын инвестициялық саясатты қалыптастыратын болады. Ал, жүргізілген зерттеу негізінде одақ басқа мемлекеттермен және өңірлік интеграциялық құрылымдармен өзара тығыз ынтымақтастықты орнату арқасында инвестициялық ынтымақтастық перспективасы қазіргі уақытта табысты және қолайлы даму үстінде деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Стародубцева, Е.Б. Место и роль ЕАЭС в современном мире. [Электронды ресурс] Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/mesto-i-rol-eaes-v-sovremennom-mire> Дата обращения: 20.01.23
2. Мясникович, М. В. Евразийский экономический союз: переосмысливая суверенный путь развития. [Мәтін] М.В. Мясникович, В.С. Ковалев// Евразийская интеграция: экономика, право, политика Международный научно-аналитический журнал – 2022 - № 2.
3. Евразийский экономический союз (ЕАЭС) [Электронды ресурс] Режим доступа: eaeunion.org Дата обращения: 20.01.23
4. Борисова, Е.И. Особенности развития инвестиционной деятельности в странах евразийского экономического союза (ЕАЭС) [Электронды ресурс] Е.И. Борисова// Карагандинский экономический Университет Казпотребсоюза. - 2021. Режим доступа: [Борисова Е.И..pdf \(keu.kz\)](#)
5. Храмова, А.В. Основные направления реализации потенциала Евразийского экономического союза. [Текст]: диссертация на соискание ученой степени кандидата политических наук по специальности 5.5.4 - «Международные отношения, глобальные и региональные исследования»: защищена 06.03.2023: утв. № 01-32.03 / М., 2023
6. Глазатова, М. К. Оценка интеграционных процессов ЕАЭС в сфере торговли: 2023: [Текст]: М. К. Глазатова, С.С. Аветисян, Д.А. Алешин и др. междунар. докл. к XXIV Ясинской (Апрельской) междунар. науч. конф. по проблемам развития экономики и общества. – Москва, 2023.
7. Мониторинг взаимных инвестиций ЕАБР 2022. [Электронды ресурс] Доклады и рабочие документы. 2022. Доклад №5-23с. Взаимные прямые инвестиции стран ЕАЭС. Режим доступа: <https://eabr.org/analytics/special-reports/monitoring-vzaimnykh-investitsiy-eabr-2022/?ysclid=lg8zb2kbbr989898383> Дата обращения: 20.01.23
8. Статистические сборники 2022 [Электронды ресурс]// Режим доступа: eurasiancommission.org Дата обращения: 20.01.23
9. Глазатова, М. К. Оценка интеграционных процессов ЕАЭС в сфере торговли: 2022 [Текст] / М.К. Глазатова, С. С. Агаджанян, А. С. Амирбекова // междунар. докл. к XXIII Ясинской (Апрельской) междунар. науч. конф. по проблемам развития экономики и общества. - Москва, 2022 г.
10. Бойко, А. Н. Инвестиционное сотрудничество стран ЕАЭС в условиях экономической нестабильности [Текст] / А.Н. Бойко, А.С. Сургин // Вестник ДонНУ. Сер. В. Экономика и право. –Донецк - 2022. – № 1
11. ЕЭК Макроэкономический доклад – 2022г.

12. Астахова, В.Ю. Перспектива инвестиционного сотрудничества еаэс. взаимные и прямые инвестиции в ЕАЭС [Текст] / В.Ю.Астахова // Journal of Economy and Business // . – Люберцы. - 12-1 (82). - 2021

Материал редакцияга 13.04.23 түсті

У.К. Раймбекова

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ИНВЕСТИЦИОННОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО СТРАН ЕАЭС В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ

Аннотация. В условиях современных международных политических противоречий главной задачей для любого государства является укрепление торгово-экономического и инвестиционного сотрудничества с соседними странами. С 1 января 2015 года начал работу Евразийский экономический союз (ЕАЭС), объединяющий государства Россия, Казахстан, Беларусь, Армения и Кыргызстан.

Целью данной региональной интеграционной организации является свобода передвижения товаров, услуг, капитала и рабочей силы, а также обеспечение проведения скоординированной, согласованной и единой политики в отраслях экономики. Несмотря на многочисленные исследования, посвященные рассмотрению основ взаимного инвестиционного сотрудничества стран ЕАЭС, особенности современной мировой экономики требуют изучения структуры взаимного инвестиционного сотрудничества в рамках основного геополитического и макроэкономического партнерства.

В статье проведен анализ основных тенденций инвестиционной деятельности стран-членов ЕАЭС на основе методов математической статистики, проанализированы особенности структуры взаимных прямых инвестиций, объем инвестиций в основной капитал стран союза по видам экономической деятельности. В ходе исследования были выявлены проблемы, стоящие перед союзными государствами на пути к эффективному инвестиционному сотрудничеству, оценен индекс интенсивности инвестиций и определены перспективы экономической и финансовой интеграции взаимного сотрудничества.

Ключевые слова: Евразийский экономический союз (ЕАЭС), инвестиционная политика, инвестиции в основной капитал, валовой внутренний продукт (ВВП), прямые иностранные инвестиции (ПИИ), структура взаимных прямых инвестиций.

U.K.Raimbekova

M.Kh. Dulaty Taraz State University, Taraz, Kazakhstan

INVESTMENT COOPERATION OF THE EAEU COUNTRIES IN CONDITIONS OF ECONOMIC INSTABILITY

Abstract. In the conditions of modern international political contradictions, the main task for any state is to strengthen trade, economic and investment cooperation with neighboring countries.

On January 1, 2015, the Eurasian Economic Union (EAEU), which unites the states of Russia, Kazakhstan, Belarus, Armenia and Kyrgyzstan, began its work.

The purpose of this regional integration organization is the freedom of movement of goods, services, capital and labor, as well as ensuring the implementation of a coordinated, coordinated and unified policy in the sectors of the economy. Despite numerous studies devoted to the consideration of the foundations of mutual investment cooperation of the EAEU countries, the peculiarities of the modern world economy

require studying the structure of mutual investment cooperation within the framework of the main geopolitical and macroeconomic partnership.

The article analyzes the main trends in the investment activity of the EAEU member states based on mathematical statistics methods, analyzes the features of the structure of mutual direct investment, the volume of investments in the fixed capital of the Union countries by type of economic activity. In the course of the study, the problems facing the Union states on the way to effective investment cooperation were identified, the investment intensity index was evaluated and the prospects for economic and financial integration of mutual cooperation were determined.

Keywords: Eurasian Economic Union (EAEU), investment policy, investments in fixed assets, gross domestic product (GDP), foreign direct investment (FDI), structure of mutual direct investment.

References

1. Starodubtseva E.B. Mesto i rol' EAES v sovremennom mire [The place and role of the EAEU in the modern world]. [electronic resource] Access mode: <https://cyberleninka.ru/article/n/mesto-i-rol-eaes-v-sovremennom-mire> Date of application: 20.01.23 [in Russian]
2. Myasnikov M. V., Kovalev V. S. Evrazijskij ekonomicheskij soyuz: pereosmyslivaya suverennyj put' razvitiya [The Eurasian Economic Union: Rethinking the Sovereign Path of Development] // Eurasian integration: Economics, Law, Politics International Scientific and Analytical Journal – 2022 - No. 2. [in Russian]
3. Eurasian Economic Union (EAEU) [Electronic resource] Access mode: eaeunion.org Date of application: 20.01.23 [in Russian]
4. Borisova E.I. Osobennosti razvitiya investicionnoj deyatel'nosti v stranah evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza (EAES) [Features of investment activity development in the countries of the Eurasian Economic Union (EAEU)] [Electronic resource] E.I. Borisova// Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz. 2021. Access mode: Borisova E.And..pdf (keu.kz) [in Russian]
5. Khramova A.V. Osnovnye napravleniya realizacii potentsiala Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza [The main directions of realizing the potential of the Eurasian Economic Union]: dissertation for the degree of Candidate of Political Sciences in the specialty 5.5.4 - "International relations, global and regional studies": defended 06.03.2023: approved No. 01-32.03 / M., 2023 [in Russian]
6. Glazatova M. K., Avetisyan S. S., Aleshin D. A. and others. Ocenka integracionnyh processov EAES v sfere trgovli: 2023 [Assessment of the integration processes of the EAEU in the field of trade: 2023] international. dokl. to the XXIV Yasinskaya (April) International Scientific Conference on Problems of Economic and Social Development, Moscow, 2023. [in Russian]
7. Monitoring vzaimnyh investicij EABR 2022 [Monitoring of mutual investments of the EABR 2022]. [electronic resource] Reports and working papers. 2022. Report No. 5-23c. Mutual direct investments of the EAEU countries. Access mode: <https://eabr.org/analytics/special-reports/monitoring-vzaimnykh-investitsiy-eabr-2022/?ysclid=lg8zb2kbbr989898383> Accessed: 20.01.23 [in Russian]
8. Statisticheskie sborniki 2022 [Statistical collections 2022] [Electronic resource]// Access mode: eurasiancommission.org Date of application: 20.01.23 [in Russian]
9. Glazatova M. K. (author's hand), S. S. Aghajanyan, A. S. Amirbekova. Ocenka integracionnyh processov EAES v sfere trgovli: 2022 [Assessment of the integration processes of the EAEU in the field of trade: 2022]: international. dokl. to the XXIII Yasinskaya (April) International Scientific Conference on problems of economic and Social development, Moscow, 2022. [in Russian]
10. Boyko A. N., Surgin A. S. Investicionnoe sotrudnichestvo stran EAES v usloviyah ekonomicheskoy nestabil'nosti [Investment cooperation of the EAEU countries in

- conditions of economic instability] Bulletin of DonNU. Ser. V. Economics and Law. – 2022. – No. 1 [in Russian]
11. EEK Makro ekonomicheskij doklad [EEC Macroeconomic Report – 2022] [in Russian]
 12. Astakhova V.Yu. Perspektiva investicionnogo sotrudnichestva eaes. vzaimnye i pryamye investicii v EAES [Prospects of investment cooperation of the EAEU. Mutual and direct investments in the EAEU]. Lyubertsy, Russia. Journal of Economy and Business, vol. 12-1 (82), 2021 [in Russian]